

«Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны. От басып қалмашы, қазақ қызы!»

№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің педагог-психологтардың жоспарына сай «Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны. От басып қалмашы, қазақ қызы!» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына дәріс жүргізілді.

Мақсаты: Жасөспірімдердің денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру, жасөспірімдік кезеңінде болатын өзгерістер туралы ақпараттандыру. Жыныстық қарым-қатынас мәселесінде саналы түрде шешім қабылдауды үйрету. Жыныстық әрекетіне жауапты болуға, ерте жыныстық қатынасқа теріс көзқарас қалыптастыру.

